



## ТЕРЕКТІЛІК АРУ — ЖЕҢІМПАЗ

Жақында Ақтөбе қаласында самбо күресінен 2010-2011 жылдары туған жасөспірімдер арасында Қазақстан Республикасының чемпионатында Құрманай Махамбет жүлделі 1-орынға ие болып, жеңіс

тұғырына көтерілді.

Жаңа Өмір ауылының спортшысы қазіргі таңда Олимпиадалық резервтің облыстық мамандандырылған мектеп-интернат-колледжінде бапкер Ерлан Оңаловтың қол астында жаттығып жүр.

9-сыныпта оқитын Құрманай:

– Мен спортқа 4-сыныптан бастап қызығып, содан бері айналысып келемін. Алғашқы жаттықтырушым – Нұржан Мыңжасарұлы. Республикалық және халықаралық сайыстарға қатысып, шыңдалып жүрмін. 30-дан аса медалім бар. Бұйырса, ертең тағы жарысқа барамын, бүгін өлшеніп

келдім. Болашақта осы салада оқып, спортты жалғастырамын, – деп өз ойын бөлісті.

Жеңімпаз Құрманай алдағы уақытта Азия және әлем чемпионатында бағын сынамақ. Жерлесімізге алдағы ойындарда сәттілік тілейміз. Көк байрағымызды көтеретін ұл-қыздарымыз көп болсын!

Қаламқас АМАНЖОЛҚЫЗЫ

## ТАРТЫСТЫ ТУРНИР

1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күніне орай грек-рим күресінен Теректі ауданының ашық біріншілігі өтті. Жарыс ел бірлігін нығайту, жасөспірімдер арасында саламатты өмір салтын қалыптастыру және ұлттық спортты дамыту мақсатымен ұйымдастырылды.

Турнирге барлығы 15 команда қатысты. Атап айтқанда, Ақтөбе облысы, Орал қаласындағы бірқатар спорт мектебі мен клубтар, Бәйтерек, Бөрлі, Шыңғырлау аудандары және Теректі ауданының ауылдық округтерінен келген спортшылар бозкілемге шықты. Салтанатты ашылу рәсіміне қатысқан аудан әкімінің орынбасары Темірболат

спорт саласына еңбегі сіңген қайраткері, дзюдо, қазақша күрестен Қазақстан Республикасының жүлдегері Баймолла Кувашев, БҚО, Орал қаласының спорт ардагерлері кеңесінің төрағасы, ардагер спортшы, Теректі ауданының құрметті азаматы Серік Нұрғалиев, КСРО спорт шебері, ардагерлер арасында грек-рим күресінен он мәрте әлем чемпионатының жүлдегері Нариман Қайырманов, КСРО спорт шебері, Теректі ауданының тумасы Батырбек Қазиев, ардагерлер арасында грек-рим күресінен әлем чемпионы Иран Оразбеков, грек-рим күресінен халықаралық дәрежедегі спорт шебері, Қазақстанға еңбегі сіңген жаттықтырушылар Серік Жұмашев пен Адгам Хабибуллин, Теректі аудандық

орын Алдияр Мырзагелді (№1 ОРМБЖМ), III орын Алдияр Темірғали (Теректі ауданы), Уразғали Мансур (спорт интернат).

38 келі салмақта I орын – Мұхаммед Кушумов (Теректі ауданы), II орын – Рұстам Нурман (Бәйтерек ауданы), III орын – Қосжанов Ералы (Шыңғырлау ауданы), Батыр Әмірсұлтан (Бөрлі ауданы).

41 келі салмақта I орын – Арсен Есет (Теректі ауданы), II орын – Артур Ұзақбаев (Теректі ауданы), III орын – Сәкен Нұққали (№1 ОРМБЖМ), Мағжан Елемес (Шыңғырлау ауданы).

44 келі салмақта I орын – Ислам Төлегенов (Теректі ауданы), II орын – Әлихан Зали (Ұзынкөл), III орын – Алмат Сатыбалдиев (№1 ОРМБЖМ), Нұрдаулет Бақытжан (Жұмашев СК).

48 келі салмақта I орын – Абылай Нығметолла (спорт интернаты), II орын – Да-

орын – Асқар Танатаров (Шыңғырлау), III орын – Саид Бекболатұлы (Ұзынкөл), Сағындық Түлепберген («Бірлік» СК).

26 келі салмақта I орын – Алан Құдайберген (Теректі ауданы), II орын – Айбар Құдайберген (Шыңғырлау), III орын – Нұрсұлтан Кенжеғали (Ақтөбе БЖСМ №1), Егор Голубов («Деркөл» СК).

28 келі салмақта I орын – Даир Айдар («Деркөл» СК), II орын – Нұрслам Жолдасбаев (Шыңғырлау), III орын – Әмірхан Хамит («Жұмашев» СК), Әлижан Бауыржан (Шыңғырлау).

30 келі салмақта I орын – Айбар Абуғалиев (Теректі), II орын – Бейбарыс Темірболат (Шыңғырлау), III орын – Әлішер Қонақбаев (Ақтөбе БЖСМ №1), Сұлтан Нұржан (Шыңғырлау).

34 келі салмақта I орын – Арлан



Сағынгереев және БҚО, Орал қаласы спорт ардагерлері кеңесінің төрағасы, ардагер спортшы, Теректі ауданының құрметті азаматы Серік Нұрғалиев өз сөзінде мұндай жарыстардың жас буынды тәрбиелеудегі маңызын атап өтіп, қатысушыларға ізгі тілегін білдірді.

Іс-шараға арнайы келген қонақтар қатарында БҚО грек-рим күресі, еркін және әйелдер күресі федерациясының президенті Төлеген Досболатов, БҚО күрес федерациясының атқарушы директоры, БҚО грек-рим күрес федерациясының вице-президенті Әсет Сұлтанұлы, грек-рим күресінен жастар арасында Азия және әлем чемпионы, БҚО №1 Олимпиадалық резервтің мамандандырылған балалар мен жасөспірімдер мектебінің директоры Артур Үмбетқалиев, БҚО «Кеңесші» спорттық-ардагерлер қоғамдық бірлестігі директорының орынбасары, БҚО дзюдо федерациясының атқарушы кеңесінің мүшесі, Қазақстан Республикасының

ардагерлер кеңесінің төрағасы Мұса Казиев болды. Жарыстың жоғары деңгейде өтуіне теректілік шәкірттердің ата-аналары да демеушілік жасап, турнирдің сапалы ұйымдастырылуына үлкен үлес қосты.

Жарыс қорытындысында жеңімпаздар мен жүлдегерлерді Баймолла Мақсұтұлы, Нариман Жұмабайұлы және спорт ардагерлері мен мекеме басшылары марапаттап, дипломдар мен медальдар, кубоктар және арнайы белдіктер табыстады.

Турнир қорытындысы бойынша жалпыкомандалық есепте: I орын – Теректі ауданы командасы, II орын – Ақтөбе БЖСМ №1, III орын – «Деркөл» спорт клубы.

Жекелей жасы мен салмақ дәрежесіне қарай:

- 2013-2014 жылы туған жасөспірімдер арасында:

35 келі салмақ дәрежесінде I орын Ералы Тілепқали (Теректі ауданы), II

вид Кочарян (Теректі ауданы), III орын Ислам Лаухиев (жекпе-жек), Нұрман Мәлік (№1 ОРМБЖМ).

52 келі салмақта I орын – Санжар Қуандық (№1 ОРМБЖМ), II орын – Тимур Давлетьяров (№1 ОРМБЖМ), III орын – Алдияр Бекбусинов (Шыңғырлау ауданы), Сүлейман Асаналиев (Теректі ауданы).

55 келі салмақта I орын – Арман Мурзагереев (жекпе-жек), II орын – Айсултан Сапиев («Деркөл» СК), III орын – Ислам Жұмағалиев (Теректі ауданы), Исатай Нұртай (Теректі ауданы).

60 келі салмақта I орын – Эль-Назар Жылқайдаров (Бәйтерек ауданы), II орын – Әлихан Сағидолла (Шыңғырлау ауданы), III орын – Бейбарыс Саламат (№1 ОРМБЖМ), Нұркен Ерғалиев (Теректі ауданы).

2015-2016 жылдары туған жасөспірімдер арасында:

23 келі салмақ дәрежесінде I орын – Батыр Төлеген (Шыңғырлау ауданы), II

Аманқұл (Теректі), II орын – Батырхан Әлібек (Ақтөбе БЖСМ №1), III орын – Ерасыл Азаматұлы (Ақтөбе БЖСМ №1), Нұрслам Жанабаев (Ақтөбе БЖСМ №1).

38 келі салмақта I орын – Темірлан Арон («Деркөл» СК), II орын – Жансерік Нұрболат (жекпе-жек), III орын – Нұржан Ерланұлы (Ақтөбе БЖСМ №1), Нәби Рауат (Теректі).

42 келі салмақта I орын – Илияс Батыр (Ақтөбе), II орын – Асмир Адиллов (Бөрлі), III орын – Хасан Жәлел (№1 ОРМБЖМ), Мейірім Ескендірұлы (Теректі).

46 келі салмақта I орын – Серікжан Қоңыров (Ақтөбе БЖСМ №1), II орын – Әділ Жакенов (Бөрлі), III орын – Нұрхан Бауыржан (Теректі), Жандос Бақытжанов (жекпе-жек).

Теректі төрінде өткен бұл турнир ел бірлігін дәріптеп, жас ұрпақтың спортқа деген қызығушылығын арттырған маңызды іс-шара ретінде есте қалды.

Майра НҰРЫМЖАНҚЫЗЫ



### ҚҰРМЕТТІ АУДАН ТҰРҒЫНДАРЫ!

Сіздерді Отан қорғаушылар күні мен Ұлы Жеңіс күні мерекелерімен шын жүректен құттықтаймын!

7 мамыр – ел тыныштығын күзеткен, бейбіт өмірдің берік қалқаны болған ер-азаматтарға көрсетілер ерекше құрмет күні. Бұл – батырлық пен батылдықты, табандылық пен отансүйгіштікті дәріптейтін айрықша мереке. Ал Ұлы Жеңіс күні – халқымыздың ерлігі мен бірлігін айшықтайтын, тарихымыздың тағылымды белесі.

Тәуелсіз еліміздің тыныштығы мен қауіпсіздігі – ең басты құндылықтарымыздың бірі. Осы жолда аянбай қызмет етіп жүрген әскери қызметшілер мен ардагерлердің еңбегі әрдайым зор құрметке лайық. Отан алдындағы парызы абыроймен атқару – әр азаматтың қасиетті міндеті. Бұл – жас ұрпаққа үлгі боларлық биік өнеге, шынайы патриотизмнің көрінісі.

#### Қадірлі жерлестер!

Еліміздің іргесі берік, бірлігі бекем болуы – баршамызға ортақ мақсат. Ерлік пен елдік дәстүрі ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып, Отанға деген сүйіспеншілік әр жүректе мәңгі сақталсын. Осы айтулы мерекелер қарсаңында баршаңызға зор денсаулық, отбасыңызға амандық, еңбегіңізге табыс тілеймін! Елімізде әрдайым бейбітшілік пен тұрақтылық орнап, Қазақстанымыздың мәртебесі биіктей берсін!

Игі тілекпен, аудан әкімі Әлия МҰХАНБЕТЖАНОВА

### УВАЖАЕМЫЕ ЖИТЕЛИ РАЙОНА!

От всей души поздравляю вас с Днём защитника Отечества и Днём Великой Победы!

7 мая – это праздник мужества, чести и преданности Родине. В этот день мы выражаем искреннюю благодарность всем, кто стоит на страже мира и безопасности нашей страны, кто своим трудом и службой укрепляет её независимость. День Великой Победы – особая дата, символ героизма, стойкости и единства нашего народа, напоминание о беспримерном подвиге поколения победителей.

Защита Родины во все времена была и остаётся священным долгом каждого гражданина. Сегодняшние защитники Отечества достойно продолжают славные традиции, служа примером патриотизма и верности своему народу. Их самоотверженность и ответственность заслуживают глубокого уважения и признания.

#### Дорогие земляки!

Пусть в каждом доме царят мир, согласие и благополучие. Желаю вам крепкого здоровья, счастья, новых достижений и уверенности в завтрашнем дне. Пусть наша страна развивается, крепнет и достигает новых высот, а над нашей землёй всегда будет мирное небо!

С уважением, аким района Алия МҰХАНБЕТЖАНОВА

## ДОСТЫҚ ҮЙІНЕ – 15 ЖЫЛ: БІРЛІК ПЕН КЕЛІСІМНІҢ МЕРЕКЕСІ

Ауданда Қазақстан халқының бірлігі күніне орай және аудандық Достық үйінің 15 жылдығына арналған ауқымды іс-шаралар өтті. Мерекелік күн мазмұнды бағдарламамен өріліп, тарих, қоғамдық келісім және мәдениет бағыттарын қамтыды.

Алдымен іс-шара қонақтары аудан тарихынан сыр шертетін мұражайды аралап, өңірдің өткенімен танысты. Одан кейін аудандық Достық үйінің ауласында тігілген киіз үйде ұлттық дәстүрге сай ақ дастарқан жайылып, келгендерге қонақжайлық көрсетілді.

Мерейтой аясында аудандық Достық үйінде «Бірлік диалогы – бірлік пен келісім алаңы» атты облыстық конференция өтті. Жиынға облыс әкімінің орынбасары

Қайыржан Меңдіғалиев, аудан әкімі Әлия Биғазықызы, облыстық және аудандық этномәдени бірлестіктердің жетекшілері, ақсақалдар, аналар мен жастар қатысты. Конференция барысында бірлік пен қоғамдық келісімді нығайту мәселелері талқыланып, мерейтой иелеріне жылы лебіздер білдірілді.

Конференция соңында Қайыржан Меңдіғалиев облыс әкімі Нариман Төреғалиевтің атынан бірқатар азаматқа алғысхаттар табыстады.

Мерекелік іс-шара аудандық мәдени-демалыс орталығында жалғасын тапты. Мұнда «Бірлігі жарасқан туған ел» атты кітап көрмесі ұйымдастырылып, түрлі этнос өкілдерінің тарихы мен мәдениетін таныта-



тын басылымдар көпшілікке ұсынылды. Кеш барысында аудан әкімі Әлия

Мұханбетжанова мерейтой иелерін құттықтап, БҚО қоғамдық даму басқармасы басшысы Дархан Қадырәлиевтің атынан алғысхатпен марапаттады.

Іс-шара концерттік бағдарламаға ұласып, сахна төрінде түрлі ұлт өкілдерінің әндері шырқалып, билер мен күйлер орындалды.

Айта кетейік, аудандық Достық үйі 2011 жылы ашылған. Бүгінде бұл орталық этносаралық татулық пен келісімді нығайтып, түрлі ұлттың мәдениеті мен дәстүрін дамыту бағытында жүйелі жұмыс жүргізіп келеді.

Әдемі ТАЛФАТҚЫЗЫ





## ҚҰТҚАРУШЫ — ТЕК ҚЫЗМЕТ ЕМЕС, ӨМІР САЛТЫ

**Аудан әкімі Әлия Мұханбетжанова Ұзынкөл ауылында кәріз құдығына түсіп кеткен баланы аман алып қалған құтқарушы Танат Мұратұлын жеке қабылдап, алғысхат пен сыйлық табыстап, құрмет көрсетті.**

Кездесуге аудан әкімінің орынбасары Дархан Абдрашитов және аудандық төтенше жағдайлар бөлімінің басшысы Бахтияр Катчеков қатысты.

Жуырда Ұзынкөлде 10-11 жас шамасындағы ойнап жүрген бір топ баланың біреуі жеке аймақтағы тұрғын үй кәріз құдығына (септик) түсіп кеткен. Құдай сақтап, оқиға орнынан жақын маңайда құтқарушы болып жұмыс істейтін Танат есімді азамат табылып, баланы тартып шығарып, алғашқы көмек көрсеткен.

Отырыс барысында Танат Мұратұлы болған жағдай туралы баяндады. Өз сөзінде құтқарушы ауылға жеке шаруасымен келгенін мәлімдеп, осындай жағдайға тап болғанын жеткізді. Оның айтуынша, қазір баланың өміріне қауіп туындап тұрған жоқ. Естүімізше, септик қақпағы ескірген.

Аудан басшысы Әлия Биғазықызы: «Осындай батыл жігіттеріміз көп болсын!» – деп ризашылығы мен жылы лебізін білдірді.

Атап өтетін жағдай, Ұзынкөлде оқып бітірген Танат Мұратұлы қазір БҚО төтенше жағдайлар департаментінде қызмет етеді. Осы салада жұмыс істеп жүргеніне 10 жыл уақыт болған.

Қ. САЯСТОВА

### Хабарландыру

«Теректі ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» ММ «БҚО, Теректі ауданы, Жаңа Өмір ауылында тарихи ластануды (мазут) жою» жобасы бойынша ІІ санаттағы объектіге әсер етуге рұқсат алу үшін материалдар бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізеді.

Қоғамдық тыңдау 2026 жылғы 11 маусым күні сағат 15.00-де Батыс Қазақстан облысы, Теректі ауданы, Шаған ауылдық округі, Жаңа Өмір ауылы, Серуен көшесі, 1а ғимараты мекенжайы бойынша өтеді.

Zoom сілтемесі:

<https://us05web.zoom.us/j/2338273093?pwd=XIjSf9Sgc0kmSFTIZfpYphPN2J4qNS.1&omn=88314668937>

Конференция идентификаторы: 233 827 3093

Кіру коды: z8Rh71

Әсер ету аумағы: 51°05'71.51" С.е., 51°57'52.92" Ш.б.

Қоғамдық тыңдауларды ұйымдастыруға жауапты жергілікті...  
[14:42, 04.05.2026]

### Хабарландыру

«Теректі ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» ММ «БҚО, Теректі ауданы, Жаңа Өмір ауылында тарихи ластануды (мазут) жою» жобасы бойынша ІІ санаттағы объектіге әсер етуге рұқсат алу үшін материалдар бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізеді.

Қоғамдық тыңдау 2026 жылғы 11 маусым күні сағат 15.00-де Батыс Қазақстан облысы, Теректі ауданы, Шаған ауылдық округі, Жаңа Өмір ауылы, Серуен көшесі, 1а ғимараты мекенжайы бойынша өтеді.

Zoom сілтемесі:

<https://us05web.zoom.us/j/2338273093?pwd=XIjSf9Sgc0kmSFTIZfpYphPN2J4qNS.1&omn=88314668937>

Конференция идентификаторы: 233 827 3093

Кіру коды: z8Rh71

Әсер ету аумағы: 51°05'71.51" С.е., 51°57'52.92" Ш.б.

Ескертулер мен ұсыныстар келесі мекенжайлар бойынша қабылданады:

<https://www.gov.kz/memleket/entities/bko-zher-paidalanuy?lang=ru>

сондай-ақ ресми сайт: <https://ndbecology.gov.kz/>

Электрондық пошта: [zko\\_forest@bko.gov.kz](mailto:zko_forest@bko.gov.kz), [tabigat\\_zko@mail.ru](mailto:tabigat_zko@mail.ru)

Тел.: 8 (7112) 24-09-68

Жоба бойынша құжаттама: <https://ndbecology.gov.kz>

### Объявление

ГУ «Отдел жилищно-коммунального хозяйства, пассажирского транспорта и автомобильных дорог Теректинского района» проводит общественные слушания по материалам для получения разрешения на воздействие для объекта ІІ категории по проекту «Утилизация исторического загрязнения (мазут) в с. Жана Омир Теректинского района, ЗКО».

Слушания состоятся 11 июня 2026 года в 15.00 по адресу: Западно-Казахстанская область, Теректинский район, Чаганский сельский округ, с. Новая Жизнь, ул. Серуен, здание 1а.

Ссылка Zoom:

<https://us05web.zoom.us/j/2338273093?pwd=XIjSf9Sgc0kmSFTIZfpYphPN2J4qNS.1&omn=88314668937>

Идентификатор конференции: 233 827 3093

Код доступа: z8Rh71

Территория воздействия: 51°05'71.51" с.ш., 51°57'52.92" в.д.

Замечания и предложения принимаются по следующим адресам:

<https://www.gov.kz/memleket/entities/bko-zher-paidalanuy?lang=ru>

а также на официальном сайте: <https://ndbecology.gov.kz>

Электронная почта: [zko\\_forest@bko.gov.kz](mailto:zko_forest@bko.gov.kz), [tabigat\\_zko@mail.ru](mailto:tabigat_zko@mail.ru)

Тел.: 8 (7112) 24-09-68

Документация по проекту размещена на: <https://ndbecology.gov.kz>

## «ТӘРБИЕ ҚҰРСАҚТА ЖАТҚАННАН БАСТАЛАДЫ»

**Аудандық мәдениет үйінің кіші залында республикалық ақпараттық-насихат тобының мүшесі, Жамбыл облысы «Һибатулла Тарази» орталық мешітінің наиб имамы Нұралы Бақытұлымен «Адал азамат» тақырыбында кездесу өтті.**

Жүздесу барысында имам отбасы құндылығы, ата-ана, туыстық қарым-қатынас жайында әңгіме өрбітіп, қазақы дәстүр шариғатпен ұштасатыны жөнінде сөз етті.

Нұралы Бақытұлы сонымен қатар бүгінгі таңда аталар мен әжелер мектебінің маңызын атап өтті.

Отырыс аясында басқа да өзекті тақырыптар қозғалды, мәселен,

наиб имам тәлім-тәрбиеге қатысты балалардың бейімділігін жастайынан анықтау маңызды екенін жеткізді. Оларды икеміне қарай басымдық беріп, дамытып, сондай-ақ кішкентайынан еңбекке баулудың қажеттілігі туралы тілге тиек етті.

Жиын барысында өз дәстүрінен жиреніп, домбыраға, Наурыз тойлауға қарсы адамдарға да қатысты өз пікірін білдіріп: «Тура жолдан адаспау үшін дәстүрді берік ұстану керек», – деді имам.

Кездесуде қатысушылар өздерінің көкейінде жүрген сұрақтарын қойып, пікір алмасты.

Қаламқас АМАНЖОЛҚЫЗЫ



## «КҮМІС АЛҚА» ТАБЫСТАЛДЫ

**Аудан әкімі Әлия Мұханбетжанова Шаған ауылдық округінің тұрғыны, көпбалалы ана Ақжарқын Шайхоллаеваға «Күміс алқа» табыстады.**

Жарқын жүздесу барысында

Әлия Биғазықызы көпбалалы ананы құттықтап, жүреужарды тілегін арнады. Ақжарқын Ерсайынқызы елеулі сәтті ұйымдастырып, «Күміс алқамен» марапаттаған аудан басшысына алғысын білдірді.

Өз тілшіміз



## АҚЖАЙЫҚТАҒЫ ЖҮЗДЕСУ

**Сәуірдің соңғы аптасында Ақжайық ауылдық мәдениет үйінде «Заң мен тәртіп» қағидасы аясында кездесу өтті.**

Кездесуге аудан әкімі Әлия Мұханбетжанова, аудан прокуроры Бауыржан Молғалиев пен сала басшылары тұрғындарды жеке мәселелерімен қабылдады. Азаматтар отырыс барысында көкейінде

жүрген сұрақтарын қойып, бірқатар өзекті мәселені көтерді.

Өз кезегінде аудан басшысы белгілі жағдайларға қатысты сұрақтарды шешу жолдарын түсіндіріп, сала мамандарына аталған мәселелерге қатысты тапсырма берді.

Қаламқас САЯСТОВА



Продолжение. Начало на 6-стр.

# СУДЬБА ПАВЛА ПОНОМАРЕВА

ностей.

Мирная жизнь привела Павла Финаиловича к продолжению семейного дела в Пятимаре. Его отец при жизни был связан с коневодством, и он сам начал работать младшим ветеринаром в Сталинском конезаводе №51, впоследствии преобразованного в совхоз «Пятимарский». На тот момент управляющим отделения был его тесть. В 1949 году в семье родилась старшая дочь Галина.

Несмотря на трудности послевоенных лет, семья жила с верой в будущее. Супруга Павла Финаиловича – Раиса Андреевна работала учителем начальных классов, обучая сразу несколько классов в условиях острой нехватки педагогов.

Стремясь быть ближе к цивилизации, семья переехала на ст. Шипово (ныне Таскала). Павел продолжил образование, окончил техникум и стал работать веттехником. Его профессионализм был замечен, и вскоре он возглавил районную ветеринарную службу в Дарьинске Приурального района (ныне район Байтерек). Здесь он построил дом. В 1951 году родилась дочь Нина, а в 1953 – Наталья. И только стали обживать, как снова поворот в жизни.

В последние годы судьба не раз испытывала его на прочность. По направлению партии Павел Финаилович попал в Долинский совхоз, село Тонкерис нашего района. Тогда район территориально был объединен с Приуральным. Шел 1964 год. Раиса Андреевна неохотно покидала обжитое место. Это и понятно: весь быт придется налаживать на новом месте с нуля. В этом совхозе родился сын Владимир.

Через два года новое событие. Районы Приуральный и Теректинский вновь разъединили. Федоровка стала административным центром и Павла Финаиловича переводят в районный центр, назначая главным ветеринарным врачом райсельхозуправления. Поднимал ветеринарную

службу в сложных условиях, боролся со вспышками опасных заболеваний, включая ящур.

Особо стоит отметить, что, стремясь к новым знаниям, уже в зрелом возрасте, в 44 года, он поступил в Казанский ветеринарный институт. Как практик, блестяще окончил вуз. Кстати, в это же время очно училась в пединституте его дочь Галина.

Показатели в районе по ветеринарной обстановке быстро улучшались, становились образцовыми. В район не раз приезжали доктора наук, вели изыскания, писали в Теректе свои научные труды.

За многолетний труд и высокие достижения в 1968 году Павлу Финаиловичу было присвоено почетное звание «Заслуженный ветеринар Казахской ССР».

## СЕМЬЯ

Павел Финаилович был прекрасным семьянином, мужем, отцом. У него с Раисой Андреевной выросли замечательные дети, все они получили образование, стали достойными гражданами.

Старшая дочь Галина окончила Уральский пединститут, получив специальность учителя географии. Она известна в Теректе не только как педагог, но и как комсомольский вожак района, инструктор райкома партии, заведующая отделом культуры района. Сейчас она живет в г. Аксай.

Нина окончила Алма-Атинский институт физкультуры, а затем и Тартуский институт спортивной медицины в Эстонии. Там и осталась жить, создала семью.

Наталья окончила в Ленинграде мединститут. Вышла замуж, долгое время жила в северной столице, а потом с семьей переехала в Мурманскую область, Заполярье, где и живет поныне.

Владимир пошел по стопам отца – в сельское хозяйство. Работал водителем в сельскохозяйственном

производстве, в конце 90-х годов переехал с семьей на жительство в Саратовскую область, на ст. Алтата. К сожалению, сейчас Владимира не стало.

Раиса Андреевна всю жизнь была ему не только верной женой, матерью его дорогих детей, но и помощником, советчиком, слушателем, критиком. Она до последнего дня восхищалась своим избранником жизни.

## ЧЕЛОВЕК БОЛЬШОЙ ДУШИ

Павел Финаилович прожил достойную жизнь, полную труда, ответственности и служения людям. Он был еще просто удивительным, интересным, с широкой душой человеком, чья эрудиция не знала предела. Воспитывал подчиненных своим примером, был высококлассным специалистом не только в ветеринарии, он разбирался во всем. Воспитал целую плеяду специалистов, которые впоследствии стали хорошими руководителями, служащими.

У него были преданные друзья-единомышленники. Среди них Александр Васильевич Попов – первый секретарь райкома партии, Сагин Кенжебаевич Кенжебаев – председатель колхоза «Красный Октябрь». Они понимали друг друга с полуслова, обладали большой внутренней силой, умели видеть наперед, правильно прогнозировать дело. Умели давать шанс другим, прощать, благодарить и всегда быть на высоте. Эти качества и объединяли друзей.

Казалось, Павел Финаилович торопился жить, словно зная, что отпущено ему не так много времени. Прожил всего 63 года. Ушел из жизни в 1985 году, оставив после себя не только профессиональное наследие, но и память, как о человеке сильного характера, как о светлой личности.

Его дочь Галина Павловна, говорит, вспоминая отца:

– Папа всегда старался быть полезным семье, обществу, окружающим. Несмотря на непростую жизнь, считал себя счастливым человеком. Он много читал, читал до последних дней, интересовался новостями, вопросами политики, был в курсе происходящих событий в стране, имел на все собственное мнение. Таким он и остался в нашей памяти: статный, волевой, добрый, внимательный, за-



После войны

ботливый, благородный, справедливый, порядочный и ...недосягаемый. Папа был для нас непререкаемым авторитетом.

А вот какой эпизод из жизни поведала наша коллега Татьяна Хмарская:

– Когда я собралась выходить замуж за парня казахской национальности, моя мама была против интернационального брака. По тем временам, наверное, можно было понять ее тревоги: разный менталитет, верования, язык. Но сватом со стороны жениха вызвался быть отец моей подруги Галины – Павел Финаилович Пономарев. Он зашел в наш дом шумно, с иконой, с традиционным казахским приветствием. Сходу начал сыпать шутки-прибаутки на казахском языке. Мои родители в первый момент были ошеломлены от такой экспрессии и моря обаяния. Когда они задавали ему вопросы на русском языке, он отвечал им неизменно на казахском, перемеживая речь казахскими пословицами, поговорками. Тем он их пронял, дал понять, что на пути любви не могут преграды в виде национальностей, языка и др., что все мы едины. Мои родители всю жизнь боготворили и Павла Финаиловича, и своего зятя – Руслана Галимовича Раимкулова. История П. Пономарева – это не просто биография. Это живая летопись эпохи, память, которая сильнее времени, пример того, как через испытания и труд человек остается верен себе, своей семье и Родине.

Нурзия СИСЕНБАЕВА

После смерти Третьяковой Елизаветы Николаевны, умершей 23.04.2026 года, открылось наследственное дело у нотариуса Теректинского района ЗКО Ф.И. Бекетова. Наследникам обращаться по адресу: ЗКО, Теректинский район, село Теректі, улица Сұңқар, 9, оф. 1. Тел.: 8 702 383 21 91.

## На свадьбе у Раимкуловых



Меншік иесі:  
"Жайық Пресс" ЖШС  
Бас директор  
Дархан УРАЗОВ  
"Жайық Пресс" ЖШС Теректі аудандық  
"Теректі жаңалығы-Теректинская новь"  
қоғамдық-саяси газетінің  
директор-редакторы  
Темірболат ТОҚМАМБЕТОВ

Газет жарияланымдарындағы автор пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасы болып есептелмейді. Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді, оны қайтармайды. Деректердің дәлдігі үшін автор жауапты.

Газет ҚР Байланыс және ақпарат министрлігі берген куәлік 19.01.2012 жылы тіркелген. Тіркеу нөмірі №12268-Г

Мекен-жайымыз: 091100 Батыс Қазақстан облысы, Теректі ауданы, Теректі ауылы, Сұңқар көшесі, 20-үй  
Телефондар: Редактор: (871132) 21-2-37  
Жауапты хатшы (факс): (871132) 23-3-96  
Біздің электронды поштамыз: E-mail: terektigazeta@gmail.com

Ⓐ белгісімен жарияланған материалдар ақылы болып есептеледі.

"Хабар-Сервис" ЖШС баспаханасында басылды.  
Ақтөбе қаласы, Т.Смағұлов көшесі 9/2,  
Телефон: 8 (7132) 400-400, 8(7132) 545-545

Газет аптасына 1 рет шығады  
Көлемі 2 баспа табақ  
Таралымы: 2364 дана

# ЧЕЛОВЕК, О КОТОРОМ ПОМНЯТ:



Павел Финаилович Пономарев

**Имя Павла Финаиловича Пономарева в Теректе хорошо помнит особенно старшее поколение. Его прожитая жизнь говорит гораздо громче любых слов: фронтовик; по сути профессор в своем ветеринарном деле; наставник; человек дела, требовательный к себе и исполнителям.**

## В РОДНОМ СЕЛЕНИИ И ГОДЫ УЧЕБЫ.

Родился он 17 июня 1922 года в селе Факеево Джангалинского (ныне Жангалинского) района в многодетной, небогатой семье. Селение так именовалось до 1930 года. Здесь некогда размещался Форпост №6 с небольшим числом казаков и военным снаряжением. Потом село было переименовано в Сарыколь. В советские годы – называлось Аул совет

№10. Это село расположено на краю Рын-Песков, в местах разлива рек: Большого и Малого Узеней.

Павел был единственным сыном, окруженным заботой сестер. Его суровое детство прошло на берегу речки, где было много разной рыбы. Знание в старших классах получал в соседнем селе Маштексай, куда добирался пешком ежедневно в любую погоду. Все годы Павел учился на казахском языке, поэтому по жизни свободно владел им, порой, знал лучше иного казаха.

С ранних лет он стремился к знаниям. Окончив семь классов (тогда было семилетнее образование), он поступил в Уральский зооветтехникум, выбрав профессию ветеринара. В том же техникуме он встретился с земляком, родственником – Алексеем Черкаевым, который в будущем стал выдающимся организатором сельскохозяйственного производства в совхозе «Анкатинский» теперь уже нашего района, доктором наук, академиком, Героем Социалистического труда, профессором. Всю жизнь потом их связывала общая привязанность к сельскому хозяйству, общность духовного родства.

## ОТ СТАЛИНГРАДСКОЙ БИТВЫ – ДО ГЕРМАНИИ

В 1940 году, в возрасте 18 лет, еще во время учебы в техникуме, Павел был призван в ряды Советской армии. Службу проходил в Узбекистане, в городе Термез, у границы с Афганистаном. Здесь формировался многонациональный 4-й кавалерийский корпус.

После окончания военно-ветеринарных курсов Павла Пономарева определили фельдшером при полковом ветлазарете.

С началом Великой Отечественной войны судьба Павла Финаиловича резко изменилась. В 1942 году он оказался под Сталинградом. О первых годах на фронте, о его боевом пути в мае 1979 года рассказывал в районной газете, тогда «Сельская новь», корреспондент Булат Джумаев.

«С первых дней службы Павел старался во всем брать пример со своего товарища, военного ветврача третьего ранга Николая Кожевникова. Это человек невысокого роста, уравновешенный, спокойный, сразу располагал к себе подчиненных. А с П. Пономаревым они подружились.

И вот под Сталинградом, близ станции Абганерово, бойцы 4-го кавалерийского корпуса приняли первое боевое крещение в схватке с

Выяснилось, что Николай Кожевников после войны, подкрепив здоровье, прослужил кадровым военным и в чине майора ушел в отставку. Такие счастливые встречи случались после войны с фронтовиками.

Часть, где служил Павел Финаилович, в составе Первого Белорусского фронта, прошла с боями через Белоруссию, Польшу, дошла до логова фашистов – Германию.

Видимо, совсем не для красного словца писал поэт «По Берлинской мостовой кони шли на водопой». Достижение ветеринарной службы в период войны было результатом самоотверженной работы громадного коллектива ветеринарных работников, в составе которых был и П. Пономарев. В побежденной стране солдата поразило, как зажиточно жили немцы. Но он говорил: «Живут они, конечно, хорошо, но лучше Советского Союза нет нигде. А если фашисты снова поднимут головы, то мы их били, и будем бить». Вот в этом и был весь Павел Финаилович.

## НАГРАДЫ. ДОЛГИЙ ПУТЬ ДОМОЙ

Мужество солдата было отмечено высокими наградами: орденами Красной Звезды и Отечественной войны II степени, медалями «За отвагу», «За освобождение Варшавы». Особую гордость он испытывал за знак «Гвардия». Во время войны он имел наибольшую ценность, так как символизировал собой принадлежность к гвардейскому полку – звание, которое присваивалось лишь лучшим.

Война окончилась, но приказа об увольнении в запас все не было. На тот момент в Иране сложилась тяжелая обстановка. Во время Великой Отечественной он сыграл определенную роль в снабжении Советского Союза горюче-смазочными материалами, что стало неоценимой поддержкой. Советское правительство ввело свои войска для стабилизации ситуации в Иране. На смену горячей войне пришла холодная. Так еще два года часть, где служил Павел Финаилович, пробыла в той стране. После выхода приказа об увольнении солдату предложили поступить в военную академию, но он отказался.

## МИРНАЯ ЖИЗНЬ. УСПЕХИ.

Домой Павел Финаилович вернулся только в ноябре 1947 года. Его ждала любимая девушка – Раиса Селькина. Они жили в одном селе, были знакомы с детства. В январе 1948 года молодые сыграли скромную, но теплую свадьбу уже в Старом Пятимаре того же Жангалинского района. Павел тогда решил удивить своих односельчан и приготовил собственноручно «немецкие колбасы», прокоптив их в печной трубе. И ему это вполне удалось: земляки потом долго удивлялись вкусу тех копченых колбас.



Супруги Пономаревы

врагом. Фашисты встретили мощную атаку кавалеристов, бросали против них все новые и новые силы. В бой пошли даже крупные танковые соединения. С воздуха им помогала авиация.

Массированной атаке подвергся и лазарет. На глазах у Павла Финаиловича был убит ездовой ветаптеки. Кругом стояли оглушительный гул, взрывы, ржание лошадей. В этой обстановке сначала ранение, а потом контузию получает и П. Пономарев. Очнувшись, он вспомнил о командире и, собрав последние силы, пополз к нему. Уже видел его совсем рядом, когда от взрыва бомбы опять потерял сознание. Когда очнулся, того уже рядом не было.

Павел Финаилович, хоть и было нелегко, находил время для поиска военного друга, при каждом удобном случае наводил справки. Но все было безуспешно. И он все больше приходил к мысли, что его командир в том бою был убит. Однако спустя 36 лет они встретились. Долго беседовали, вспоминая те грозные дни.



За работой



## «ХАЛЫҚҚА ЖОЛ ДА, СУ ДА ЖӘНЕ ТҰРҒЫН ҮЙ ДЕ КЕРЕК»

**Жуырда облыс әкімі Нариман Төреғалиев жұмыс сапарымен ауданымызда болды. Ол алдымен Подстепный ауылындағы көпқабатты 13 үйдің құрылыс барысымен танысып, қазіргі таңда жасалып жатқан жұмыстарға көз жеткізді.**

Подстепный ауылындағы құрама монолитті қаңқадан бірінші қабаты тұрғын үй емес үй-жайлар мен көпқабатты жеті және төрт қабатты көппәтерлі алты тұрғын үйлер құрылысымен танысқан Нариман Төреғалиұлы болашақта осында тұратын тұрғындарға арнап балабақша ашуды тапсырды. Қазіргі уақытта құрылысты «Жаик-сельстрой» ЖШС мердігер компаниясы жүргізіп жатыр. Жоба құны – 7,9 млрд теңге. Пәтер саны – 228. Осы жылдың шілде айында аяқталады деп күтілуде. Игерілген қаражат – 6,6 млрд теңге (84 %) Орындалған жұмыс көлемі 80 %-ды құрайды. Өңір басшысы үйлердің айналасын абаттандыру және құрылысты сапалы жүргізу керектігін айтты.

Облыс әкімінің жұмыс сапары Магистральный ауылындағы «KAZAKHTRANSOIL» ЖШС-да жалғасты. Бұнда биоотын өндіру цехы іске қосылып, шығарған өнімдерін шетелге экспорттап жатыр. Серіктестіктің негізгі

қызмет бағыты күнбағыс қауызын түйіршіктеу және күнбағысты терең өңдеу (ядро шығару), снэк және кондитерлік өнімдер өндіру және сыра зауытын салуды көздеп отыр. Жобаның негізгі құны – 17 млрд теңге. Бірінші кезеңде өндірісті жергілікті жерге орналастыру (500 млн теңге), зауыт салу (4 млрд теңге) қажет болса, екінші кезеңде (12,5 млрд теңге) өндірісті кеңейту – снэк және кондитерлік өнімдер өндіретін цехтар салу мен сыра зауытының құрылысын жоспарлап қойған. Жобаның қуаттылығы – жылына 200 мың тонна түйіршіктер өндіру. Серіктестік 50 адамға дейін жұмыс орындарын ашуды жоспарға алып отыр. Қазіргі таңда өндірісті жергілікті жерге орналастыру үшін «Integra Construction KZ» ЖШС-мен үй-жайлар мен жер учаскесін жалға алу шарты жасалған. Қуаттылығы 2500 кВт электр қуаты жүргізілген. Сонымен қатар 100 млн теңге сомасына жабдықтар сатып алынған және монтаждау жұмысы жүргізілген. Жұмыс сапары барысында Нариман Төреғалиұлы зауыт басшылығына жұмысын әрі қарай жандандырып, даму жолында аянбай еңбек етуді тапсырды.

«Подстепный – Федоров – РФ шекарасы» республикалық маңызы бар автомобиль жо-

лын қайта жаңғырту жұмысына көз жеткізген облыс басшысы мердігерлерге Теректі ауданы аумағындағы жол құрылысын сапалы аяқтауды негізге алды. Бұл автомобиль жолын қайта жаңғырту бойынша Теректі ауданы аумағының 36-72 км аралығындағы жұмысты «Адал Арна» ЖШС жүргізіп жатыр. Жоба құны – 26,9 млрд теңге. Оған арнайы барған Нариман Төреғалиев аталған мердігер компания өкілдеріне халық игілігіне пайдаланатындай сапалы жол салуды тапсырды.

– Теректі ауданының аумағына жұмыс сапарымен келіп, бірнеше нысанды аралап, жасалып жатқан жұмыстарға көз жеткіздім. Бірінші кезекте Подстепный ауылында жаңадан салынып жатқан көпқабатты 13 үйге кіріп шықтым. Биыл кезекте тұрған екі жүздің үстінде отбасы «Отбасы банк» арқылы жаңа үйге қол жеткізеді. 2021 жылы басталған үйдің құрылысына қазіргі таңда толық қаражаты бөлінді. Енді тек жұмысты сапалы жүргізу ғана қалды. Биылғы шілде айында табыстаймыз. Мердігерлерге жаңа үйлердің төменгі қабатынан азық-түлік дүкендері мен балабақшалардың орналасуын қамтамасыз етуді тапсырдым. Әсіресе жаңадан көшіп келетін

отбасылар үшін балабақша ауадай қажет екені сөзсіз.


Одан кейін Пойма ауылының аумағындағы инвесторлардың жұмысын барып көрдік. Инвестиция тарту мәселесі үлкен бақылауда тұр. Батыс Қазақстан облысы бойынша 1 трлн теңге инвестиция тарту міндеттелген. «KAZAKHTRANSOIL» ЖШС-на аяқтай барып, күнбағыс қалдықтарын өңдеп жатқанына көз жеткіздік. Бұған дейін өңірімізде күнбағысты көп жерде өсіргенімен, оның сыртқы қабығын пайдаға асыра алмай келгенбіз. Міне, осы бағытты қолға алып, болгарлық компаниямен бірігу арқылы түйіршіктер жасап, Еуропа елдеріне жөнелтілуде. Бұны жылу электр станцияларында пайдалануға әбден болады және болашақта ауқымы кең инвестиция саналады. Аталған мекемеге қажет мамандарды тарту жөнінде мәселесін шешіп бердік.

Өздеріңізге белгілі, 2023 жылы шекараға дейін 144 шақырым жолды төрт учаскеге бөлдік. Соның екеуі – Орынбордан Ақсайға дейінгі және Подстепныйдан Теректі ауылына дейінгі аралыққа құрылыс жұмыстарын жүргізген едік. Ендігі қалған Теректі ауылы мен Бөрлі ауылына дейінгі аралықты биыл бастап кетті. Жыл соңына дейін осы аталған жол құрылысы аяқталады. Мердігер «Адал Арна» ЖШС- өкілдерімен кездесіп, жұмыстарды сапалы аяқтау жөнінде тапсырма бердім. Қазіргі таңда жүздің үстінде адам еңбек етіп жатыр. Қажет техникалардың барлығын алып келген. Ендігі жерде тек сапалы қызмет жасау ғана қалды.

Бүгінгі жұмыс сапарындағы соңғы бағыты – Теректі ауылындағы ауыз су мәселесі. Аудан орталығынан 13 шақырым жерден Қабылтөбе деген жерден жер асты суын тартып, халыққа пайдалануға беріп отырымыз. Басқа уақытта тұрғындар 500 текше ауыз су пайдаланып отырса, жаз айларында ол екі есеге өседі. Яғни тұтынушылар көбейеді де, су мұнараларына қиындық туғызады. Бұл – жыл сайынғы қайталанып тұратын өзекті мәселе. Қазіргі таңда көптен бері шешімін таппай келе жатқан ауыз су мәселесінің қажет қаражатын тауып, жылдың аяғында нүктесін қоятын боламыз. Теректі ауданына шыққандағы жұмыс сапарымыздың басты мәселесі де осы болатын. Бұны мен өз қадағалауымда ұстаймын.

Халыққа су да, жол да және тұрғын үй де керек. Осы аталғандардың барлығы Теректі ауданында жасалып жатыр және жыл соңында толығымен аяқтаймыз, – деді облыс әкімі Нариман Төреғалиұлы.

Аудан орталығында көптен бері күн тәртібінен түспей келе жатқан мәселенің бірі – ауыз су мәселесі. Облыс әкімі де осы жайтқа бейжай қарамай, арнайы ат басын бұрып, ауыл ішіндегі су мұнарасына барды. Ондағы мердігермен пікірлесіп, биыл ауыз су мәселесіне нүкте қою керектігін айтты.





## Тазалық – ортақ міндет

Теректіде «Таза Қазақстан» жалпыұлттық экологиялық акциясы аясында сенбілік өткізілді.

Акцияға мекеме қызметкерлері мен ауыл тұрғындары белсенді атсалысты. Тұрғындар көшелерді қоқыстардан тазартып, жол шетіндегі жиектастарды ақтап, өң берді. Қоршаған

ортаға ұқыпты қарау, экологиялық мәдениетті қалыптастыру мақсатымен ұйымдастырылған сенбілік ауыл тұрғындарының басын біріктірді.

Осылайша мереке қарсаңында тұрғындар сәуір айының соңғы күнін тазалыққа арнап, өңіріміздің көркеюіне өз үлесін қосты.

Қаламқас АМАНЖОЛҚЫЗЫ



## Тарихқа тағзым: Тақсай ханшайымы кесенесіндегі сенбілік

Теректі ауданындағы Тақсай ханшайымы кесенесі аумағында «Таза Қазақстан» акциясы аясында сенбілік ұйымдастырылды. Іс-шараның негізгі ұйымдастырушылары – «АМАНАТ» партиясы БҚО филиалы мен «Жастар рухы» жастар қанатының БҚО филиалы. Іс-шараға Теректі ауданы әкімдігі қолдау білдіріп, жергілікті тұрғындар мен белсенді жастар атсалысты.

Сенбілікке Батыс Қазақстан облысының белсенді жастары, оның ішінде М. Өтемісов атындағы БҚУ-дың тарих факультеті студенттері, «Жастар рухы» ұйымының мүшелері, Долин ауылының тұрғындары қатысты. Сонымен қатар аудандық өлкетану музейінің қызметкері Гүлім Джубаниязованы арнайы шақырып, тарихи-танымдық жұмыстар жүргізді.

Іс-шара барысында кесене аумағы тазартылып, әктеу, сырлау, ағаш отырғызу жұмыстары атқарылды. Сонымен қатар жастарға Тақсай ханшайымы туралы тарихи деректер таныстырылып, өлкенің мәдени мұрасын насихаттауға мән берілді. Мұражай қызметкері Гүлім Елемесқызының айтуынша, Тақсай ханшайымы кесенесі – жай ғана тарихи нысан емес, өткенге тағзым, болашаққа аманат саналатын киелі орын. Оның сөзінше, бұл жерде шамамен 2500 жыл бойы сақталған құпия археологиялық қазба жұмыстары барысында ашылып, табылған алтын әшекейлер мен салтанатты жерлеу рәсімі бұл адамның ерекше дәрежеге ие болғанын айқындәлелдейді. Сонымен қатар Тақсай ханшайымының нақты кім болғаны әлі толық анықталмағанымен, оның өз заманында аса қадірлі тұлға болғаны атап өтілді. Қазба жұмыстарының өзі де ерекше жағдайда өткен: дала әдеттегіден



тым тыныш, желсіз болған, ал археологтар ерекше бір күн екенін сезген. Топырақ қабаттары ашылғанда күн сәулесі алтын бұйымға шағылысып, алғашқы алтынның жарқ еткен сәті бұл жерде ерекше адам жерленгенін аңғартқан.

Оның айтуынша, бұл жаңалық көшпенділерді «жабайы» деп сипаттайтын бұрынғы түсініктерді жоққа шығарып, олардың жоғары мәдениеті мен зергерлік өнерін дәлелдеді. Сонымен бірге Тақсай ханшайымы халықаралық ғылыми



Қызметкер сондай-ақ жәдігерлердің құндылығына ерекше тоқталып, ханшайымның жанынан алтын әшекейлер, алқа, сырға, сақина, қола және темір бұйымдар, айна мен тұрмыстық заттар табылғанын жеткізді. Әсіресе ағаш тарақтағы көріністер сол дәуір адамдарының өнері мен ойлау деңгейінің жоғары болғанын дәлелдейді деп бағаланады.

қауымдастықтың назарын аударған маңызды археологиялық жаңалыққа айналып, Теректі өңірінің тарихи мыңжылдықтарға кететін көне өркениет мекені екенін айқындап берді.

Экскурсия кезінде бірқатар сұрақ қойылды. Соның бірі қорымның орналасқан жеріне қатысты болды. Долин негізгі орта мектебінің тарих пәні мұғалімі Гүлнұр Қайратқызы

Тақсай ханшайымының табылу тарихы мен орналасқан жері туралы айтты.

– Тақсай ханшайымы осы кесенеден 14 шақырым жерден табылды. Қорымда оның қаңқасынан бөлек, екі қызметкерінің қаңқасы шықты. Олар оның қызметкері болса керек, бірі 20 жаста, екіншісі 40 жаста деп болжанды. Тақсай ханшайымы тоналмаған, көп жәдігерімен табылған. Біз оны ханшайым деп атасақ та, ол ханшайым емес, абыз әйел болған. Тапқан археолог Яна Лұқпанқызы қорымды таппас бұрын үш жыл түс көрген. Түсінде әрдайым иығында ритон (ежелгі дәуірде қолданылған, төменгі жағында тесігі бар, мүйіз немесе жануардың басы

сым оқиғалар жайлы бөлісті.

«Жастар рухы» жастар қанаты БҚО филиалының төрағасы Архат Исламғали іс-шараның маңызын айтты.

– Бұл іс-шараның басты мақсаты – жастарды қоғамдық жұмыстарға белсенді тарту, туған жердің тазалығына бейжай қарамау және тарихи ескерткіштерді сақтау мәдениетін қалыптастыру. Сонымен қатар жас буынға өңір тарихын таныстыру арқылы олардың елге деген құрметін арттыруды көздейміз, – дей отырып, аудан әкімдігі, салалық бөлімдер және жергілікті тұрғындар тарапынан көрсетілген қолдауға алғысын білдірді.

Сенбілікке қатысушы жастардың



пішінінде жасалған кең воронка тәрізді ішуге арналған ыдыс) бар әйел адамды көреді екен. Осыны негізге ала отырып, музей жазбасынан ақпарат іздейді. Зерттеу жүргізеді. Долин ауылының тұрғыны Долматов тракторымен жұмыс істеп жүргенде тапқан жәдігерін музейге тапсырған екен. Соны негізге ала отырып, Долин ауылына келеді. Яна Лұқпанқызы Долматовпен кездесе алмады, бірақ оны көрген жандар арқылы жұмыс істеген орнына барады. Топырақтың түсінен ол жерде оба жатқанын түсінеді, – деді Гүлнұр Қайратқызы.

Қорымның табылу тарихымен қатар, археологтар жайлы да айтылды. Қатысқан 40 адамның жетеуі ғана қаңқаны алғаш көргендер қатарында болған. Қалғандары белгісіз себеппен ауырып қала берген. Ал сол жеті адамның отбасы бір-екі жылдан кейін балалы болған деседі. Ауыл тұрғыны өзге де тыл-

бірі – тарих, экономика және құқық факультетінің 3 курс студенті Аружан Альменова осындай іс-шаралардан қалмауға тырысатынын айтты.

– Еріктілер қатарында болған соң әрі белсенді студент ретінде осындай іс-шараларға қатысып тұрамын. Сенбіліктерге де көп шығып тұрамын. Тың ақпарат алдым, әсіресе қорымның табылуына қатысты оқиғалар есте ерекше қалды. Табылған жәдігерлер жайлы өзіме қызық болды. Қатысқанымға қуаныштымын. Қатарластарыма өзіміз тұрып жатқан қаланың сенбіліктеріне қатысуға шақырамын, – деді ол.

Осылайша Тақсай ханшайымы кесенесі басында өткен сенбілік тазалықпен қатар, тағылымға толы іс-шараға айналып, жастарға тарих пен жауапкершіліктің сабақтастығын тағы бір мәрте көрсетті.

Әдемі ТАЛФАТҚЫЗЫ



## «Әсем әнім сырнайдай»

**Аудандық мәдениет үйінде Теректі балалар музыка мектебінің «Өнерлі ұрпақ – жарқын болашақ» атты жылдық есеп беру кеші өтті.**

Мәдени іс-шараға аудан әкімінің орынбасары Темірболат Сағынгереев қатысып, шәкірттер мен ұстаздарға сәттілік тілеп, жас өнерпаздардың ауданның мәдени өміріндегі маңызын атап өтті.

Концерттік бағдарламада күй мен халық аспаптары, дәстүрлі әндер, вокалдық өнер, ансамбль мен оркестр орындауындағы нөмірлер көрермен назарына ұсынылды.

Таңдалған репертуар мен әдемі киім үлгілері шығармашылыққа толы іс-шараның көркін кіргізіп, сән берсе, күмбірлеген күй мен әсем әуен тыңдарман жүрегін тербеп, жанды нұрландырды. Сонымен қатар кеш барысында оқушылар домбырадан бөлек флейта, фортепиано, баян, скрипка сынды аспаптарда ойнап, өнерін паш етті.

Талғам мен талантты ұштастырған сазды кеште музыкалық мектептің жас өрендері жоғары дайындығы мен шеберлігін көрсетіп, Теректі жұртшылығын өнерімен тәнті етті. Есеп беру кеші – бұл жыл бойына үйренген дағдысын ортаға салатын жауапты сәт. Шәкірттер бұл сынақтан сәтті өтіп, өз міндетін ойдағыдай алып шықты.

Қаламқас АМАНЖОЛҚЫЗЫ



## Үшшілер үздіктер қатарында

Жуырда Покатилов ауылының жас өрендері – «ЖарқынАй» және «Жігіттер» би ұжымдары Орал қаласында өткен «Best Stars – 2026» республикалық шығармашылық өнер фестиваль-байқауына қатысып, бақ сынады.

Байқау қорытындысында олар жоғары дайындық пен шеберлігін көрсетіп, «ЖарқынАй» ұжымы «Антошка» биімен бас жүлдені жеңіп алып, «Құрақ көрпе» халық биімен I орынға ие болды. Ал «Жігіттер» ұжымының кіші топтағы ұлдары II орынды қанжығасына байлады.

Жетекшісі – педагог-хореограф Елизавета Сералиева.

Ұжымдарды жеңісімен құттықтаймыз және алдағы уақытта шығармашылық табыс тілейміз!

Николай СУНЦОВ,  
Покатилов ауылдық мәдениет үйінің директоры



## «БАЛДӘУРЕН – 2026»: Теректі жастары жүлдемен оралды

**Орал қаласында өткен «Балдәурен – 2026» облыстық өнер байқауында Теректі ауданының жас өнерпаздары жоғары нәтиже көрсетіп, жүлделі орындарға ие болды. Жеті бірдей жанр бойынша бақ сынаған аудан өрендері бірде-бір бағытты құр қалдырмай, өңір мерейін асқақтатты.**

Байқау қорытындысы бойынша теректіліктер келесі жетістіктерге қол жеткізді:

- «Халықтық музыка» жанры бойынша Аңсар Орынбасар – арнайы дипломант (жетекшісі С. Жұмабаева);
- «Домбырамен ән салу» жанрында Ерасыл

Мұса – арнайы дипломант (жетекшісі Д. Жұмағалиев);

- «Көркемсөз» жанрында Айым Әнуар – арнайы дипломант (жетекшісі А. Мирамбай);
- «Жыр айту» жанрында Мадина Жанбота – I орын (жетекшісі Д. Жұмағалиев);
- «Эстрадалық вокал» жанрында Айлита Жәдігер мен Айару Идият (дүэт) – II орын (жетекшісі Т. Сағынғалиев);
- «Хореография» жанры бойынша үлгілі «Жұлдыз» би ансамблі – II орын (жетекшісі Ж. Тайшыбаева, педагог-хореограф К. Тасмұратова).



Өнер додасында теректілік жас таланттардың әр жанрда үздік өнер көрсетуі аудан мәдениетінің дамып келе жатқанын көрсетеді. Бұл жетістіктер – мәдениет саласындағы жүйелі жұмыстың және дарынды балаларға көрсетілген қолдаудың нақты нәтижесі.

Жас өнерпаздардың табысы – тек олардың емес, жетекшілері мен ата-аналарының да еңбегінің жемісі. Байқауда топ жарып, жүлдемен оралған өрендер алдағы уақытта да биік белестерді бағындыратынына сенім мол.

Әдемі ТАЛФАТҚЫЗЫ

